

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 587 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 қарашада N 1121 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасында Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде "Қазақстан Республикасы Алматы облысының Тамғалы кешенін зерделеу, сақтау және ұстау" жобасы бойынша келісім жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 587 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі Дүйсен Қорабайұлы Қасейіновке Келісімнің жобасына қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасында Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде "Қазақстан Республикасы Алматы облысының Тамғалы кешенін зерделеу, сақтау және ұстау" жобасы бойынша келісім ж а с а с у ғ а ө к і л е т т і к б е р і л с і н".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі